


Шөптібай ағамыздың еңбегі көрші өңірде ұлықталды

Оюшы, қолөнер шебері, өлкетанушы Шөптібай БАЙДІЛДИН ағамыздың оюлары рухани астанамыз Ұлытау өңірі, Жезқазған жерінде халыққа көрме ретінде ұсынылып, жуықта жарық көрген «Тарихымызды түгендейік» кітабының тұсауы салтанатты түрде кесілді.

Еліміздегі саусақпен санарлық шебер оюшылардың бірегейі, елдің, өңірдің тарихын зерттеп, зерделеп, осы бағытта ауқымды жұмыс жасап келе жатқан Шөптібай ағамыздың ұлт руханиятына қосып отырған еңбегі өлшеусіз екені даусыз. Осы еңбек бағаланып, жуықта ғана Ұлытау облысы болып ашылған көрші өңірде, Жезқазған жерінде жерлесіміздің 400 оюы халық назарына ұсынылды. Шөптібай БАЙДІЛДӘУЛЫ мен Арқалық өңірлік архивінің басшысы, қалалық мәслихат депутаты Сағидолла БАЙГЕНЖИН Ұлытау өңіріне арнайы барып, тарихи орындарды аралап, аталған көрменің ашылу салтанатына қатысып қайтты. Жезқазған аласының көрме залына қойылған жерлесіміздің «Ою – өрнек – рухани өмірдің айнасы» аталған көрмесіне келушілердің қызығушылығы жоғары болды. Шараға сол өңірдің мұражай басшылары мен қызметкерлері,



толғанып айта кетейік.

Шөптібай ағамыз қашан да қоғамдық шаралардың бел ортасында жүретін белсенді азамат. Өмірден білгені мен түйгенін кейінгі ұрпақ игілігіне жарату жолында еңбек етіп келеді. Қазақтың төл өнері ұлттық ою – өрнектерімізді мемлекеттік деңгейде насихаттап, саф алтындай құндылығымызды дәріптеуге өлшеусіз үлес қосуда. Ағамыз өңіріміздегі тарихи – мәдени нысандарды зерделеп, кейінгі жастарға, сырттан келген меймандарға таныстырып, насихат етіп жүрген бірегей өлкетанушы ретінде де көптің ықыласына бөленді.

Әрқашан үлкен ізденісте жүретін азаматтың «Тарихымызды түгендейік» атты еңбе-

өлкетанушылары, мәдениет саласының өкілдері қатысып, Шөптібай ағамыздың мәдениет, қолөнер, тарих, жалпы руханият саласына қосып келе жатқан зор үлесі, өлшеусіз еңбегі жайлы сөз қозғап, ерекше ілтипат, зор алғыстарын білдірді.

Ағымдағы жылдың наурыз айында Шөптібай БАЙДІЛДИН-НИҢ «Тарихымызды түгендейік» аталған кітабы жарық көрген болатын. Осы кітаптың да салтанатты ашылуы сол жақта ұйымдастырылды. Бұл еңбегі жайлы автордың өзі былай дейді: «Өзіміздің елдің өнерін көрші өңірге насихаттау мақсатында осында көрмемізді қойып отырмыз. Онымен қоса, жуықта құрылған Ұлытау облысының ашылуына орай бізден шашу болсын дедік. Оюмен шашу әкелсем, кітаппен тілек айтайын дедім де, «Тарихымызды түгендейік» аталатын кітабымынның 15 данасын ала барған едім. Ақылдаса келе, осы еңбегімнің тұсауесерін Жезқазған жерінде қидық. Бұл кітабыма соңғы 5 - 6 жылдан бері жинап келе жатқан еңбегімнің жартысы кірді. Бүгін де ел тарихына, әсіресе, Торғай тарихына қамқорлық керек. Осы

ойымды жаздым әуелі. Одан соң Жошыдан бастап Кенесарыға дейінгі хандардың хронологиясын бердім. Хақназар хан жөнінде көлемді мақалам бар. Абылай хан, Әлихан Бөкейханов жайлы 2-3 материалымды қостым. Наурызбай батырдың да өмірбаяны, ерліктері жайлы осы кітапта жазылған. Аманкелді, Кейкі батыр, Бәдіғапар сынды өз өңіріміздің тарихи тұлғалары да қамтылды. Өңірімізден шыққан діни шамшырақтар : Сатыбалды ишан, Бердікей ишан, Жүзбай қажы, Оспан қожа әулие, мешіт – медреселеріміз жайлы пікірлерім бар. Сондай ақ, елдегі ерекше қызметі бар Қазыбек Әбенов сияқты азаматтарды кіргіздік. Мұнымен қоса, өңіріміздегі 136 тарихи жерлердің атауларына қысқаша түсінік бердім», - дейді өлкетанушы ағамыз.

Әлемдік «Шыңғысхан» академиясының академигі, ҚР Мәдениет Министрлігінің «Үздік өлкетанушы» төсбелгісінің, Қостанай облыстық «Қазына» сыйлығының екі мәрте иегері, Арқалық қаласының «Құрметті азаматы» Шөптібай БАЙДІЛДИН ағмыз күні кеше – 76 жасқа

гінен бөлек бұған дейін : «Қазақтың ою-өрнектері», «Ою ой, өрнек сал», «Оюмен ой айтқан елміз», «Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым», «Мұхиттан өткен қайық», «Кейкі батыр» атты кітаптары жарық көрген болатын. Мұнымен қоса, «Қостанай облысы, Торғай аймағының көрікті жерлерінің ақпаратты бағдар тізбесі», «Күпия сырлы өлке-Арқалық» атты еңбектері бар. Одан бөлек, қалалық, облыстық, республикалық БАҚ – да түрлі танымдық, тәрбиелік, тарихты танып, өткенді зерделеу тақырыптарындағы бағдарламалар мен мақалалары шыққан.

Ел игілігі үшін осынша еңбек сіңірген Шөптібай ағамызды – 76 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтап, деніне саулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық тілейміз! Осындай халқының зор құрметіне бөленген қадірлі ақсақал ретінде әрқашан мерейіңіз тасып, мәртебеңіз өсіп, өмірлік серігіңіз бен балаларыңыздың, немере – шөберелеріңіздің ортасында бақытты да, баянды ғұмыр кешіңіз!

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ